

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫНЫҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ФИЛИАЛЫНЫҢ ӘУЛИЕКӨЛ АУДАНДЫҚ  
ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 21 ж. қ. 19

1

16 ж. қ.

НАО-77



Әкімдіктің  
2020 жылғы 8 шілдедегі  
№ 235 қаулысымен  
бекітілген



**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Әуликөл ауыл шаруашылығы колледжі» коммуналдық  
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының  
жарғысы**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Әуликөл ауыл шаруашылығы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады.

2. Кәсіпорын Қостанай облысы әкімдігінің «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Әуликөл ауыл шаруашылығы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» 2020 жылғы 8 шілдедегі № 235 қаулысына сәйкес қайта құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қостанай облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Қостанай облысының әкімдігі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қостанай облысының әкімдігі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) болып табылады.

Жергілікті атқарушы орган Кәсіпорынды басқару бойынша бірқатар функцияларды жүзеге асыруда «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Басқару органы) уәкілеттік береді.

6. Кәсіпорынның атауы: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Әуликөл ауыл шаруашылығы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 110400, Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Әуликөл ауылдық округі, Әуликөл ауылы, Гагарин көшесі, 24-үй.

## 2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

## 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлау, кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаттары:

1) нақты мамандық бойынша қажетті теориялық білімі мен тәжірибелік дағдылары бар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар білікті мамандарды даярлау;

2) еңбек нарығының және өндіріс салаларының талаптарын ескере отырып, білікті мамандарды даярлау сапасын тұрақты жетілдіру;

3) қолда бар лицензияның негізінде мамандарды кәсіби даярлау, қайта оқыту және қайта даярлау;

4) техникалық және кәсіптік білімі бар жұмыс істеп жүрген мамандардың біліктілігін арттыру болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру;

3) арнайы курстар мен пәндерді қосымша оқыту;

4) тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер;

5) жатақханада тұруды қамтамасыз ету бойынша қызметтер;

6) өндірістік оқыту процесінде оқу-өндірістік шеберханаларда шығарылатын өз өндірісінің өнімдерін сату;

7) оқу-өндірістік қызметі процесінде Кәсіпорынның жабдықтарын қолдана отырып көрсетілетін қызметтер.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасасуға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не болмаса Кәсіпорын басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі, Басқару органының, не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорын басшысының Кәсіпорынның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

#### 4. Кәсіпорынды басқару

18. Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) коммуналдық мүлкті Кәсіпорынға бекітеді;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Басқару органы:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (көрсетілетін қызметтер) көлемдерін айқындайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы туралы есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуын бақылауды, Кәсіпорынның даму жоспарларын бақылау мен талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын басшысының ұсынысы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын), бас (аға) бухгалтерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қоры мөлшерін белгілейді;

7) белгіленген еңбекақы төлеу қорының шегінде, Кәсіпорын басшысына, оның орынбасарына (орынбасарларына), бас (аға) бухгалтеріне сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

8) Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарларға (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) баға белгілейді;

9) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен оған жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып табылады.

21. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Басқару органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

23. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

24. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

25. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады,

көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) өзінің орынбасарларын, бас бухгалтерін қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Басқару органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## **5. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі**

27. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары негізгі орта, жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік білімі бар азаматтардың қатарынан білікті жұмысшы кадрлар, орта буын мамандарын даярлауға бағытталған.

Жалпы білім беретін және кәсіптік оқу бағдарламалары мазмұнына қарай жалпы орта білімнің, техникалық және кәсіптік білімнің, орта білімнен кейінгі білімнің оқу бағдарламаларына бөлінеді.

## **6. Білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі**

28. Кәсіпорынға қабылдауды қабылдау комиссиясы жүргізеді, оның құрамын Техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының талаптарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітеді.

Кәсіпорынға қабылдау тәртібі, талапкерлер ұсынатын құжаттар тізбесі, құжаттарды қабылдаудың басталуы және қабылдау мерзімдері, апелляцияны қарау тәртібі мен басқа да мәселелер Қазақстан Республикасының білім саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен Үлгі қағидалары негізінде Кәсіпорын басшысы бекіткен қабылдау қағидаларында айқындалады.

29. Кәсіпорынға қабылдау Кәсіпорын басшысының бұйрығымен жүзеге асырылады.

## **7. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі**

30. Кәсіпорында оқу сабақтарының келесі түрлері белгіленеді: сабақ, дәріс, семинар, тәжірибелік сабақ, зертханалық жұмыс, өз бетінше жұмыс, консультация, курстық және дипломдық жобалау (курстық және дипломдық жұмыс, курстық және дипломдық жоба), Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де нысандары.

Оқу сабақтарының әр алуан түрлері мен кәсіптік тәжірибені өткізу мерзімдері оқу жұмыс жоспарларымен және оқу үдерісінің кестесімен белгіленеді. Аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімдері оқу үдерісінің кестесімен белгіленеді.

31. Оқыту күндізгі, сырттай, кешкі оқыту, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де нысандарында жүзеге асырылады. Оқу жылының және оқу семестрінің ұзақтығы оқу процесінің кестесіне сәйкес белгіленеді.

32. Кәсіпорында сабақтар тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

33. Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

## **8. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі**

34. Үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

## **9. Білім алушыларды оқудан шығару негіздері және тәртібі**

35. Білім алушыны оқудан шығару Кәсіпорын басшысының бұйрығымен ресімделеді.

36. Білім алушылар студенттер қатарынан:

- 1) өзінің тілегі бойынша;
- 2) денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ДКК) анықтама-қорытындысы негізінде;
- 3) басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;
- 4) ішкі тәртіп қағидаларын бұзғаны үшін;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда шығарылуы мүмкін.

37. Білім алушыларға академиялық демалыс мынадай негіздерде:

- 1) сырқаттылығы бойынша ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейін амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;
- 2) ұзақтығы 36 айдан аспайтын туберкулезбен ауырған жағдайда Туберкулезге қарсы медициналық ұйымның орталықтандырылған дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;
- 3) әскери қызметке шақыру туралы қағаз;
- 4) босанғанда, ұл немесе қыз бала асырап алғанда 3 жасқа толғанға дейін беріледі.

## 10. Ақылы қызметтер тізбесі және көрсету тәртібі

38. Кәсіпорынның ақылы қызметтер көрсету тізбесі мен тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

## 11. Кәсіпорынның білім алушылармен, тәрбиеленушілер және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі

39. Кәсіпорын мен білім алушылардың, тәрбиеленушілер және (немесе) олардың ата-аналарының және өзге де заңды өкілдердің арасындағы өзара қатынастар Кәсіпорынға қабылдау туралы шартына және Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасына, сондай-ақ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес орнатылады.

## 12. Кәсіпорынның мүлкі

40. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

41. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

42. Кәсіпорынның мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктің;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де каражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

43. Кәсіпорынның иелігінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

44. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

45. Жедел басқаруындағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттары немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

46. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

47. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

48. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 49-тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

49. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті атқарушы орган Басқару органының келісімі бойынша Кәсіпорыннан бекітілген мүлікті алып қоюға не болмаса оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

50. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде жергілікті атқарушы орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

51. Осы Жарғының 47-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

52. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

### 13. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

53. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін облыстық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірімей жүргізеді.

54. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді өткізуді дербес жүзеге асырады.

55. Кәсіпорынның өндіретін және өткізетін тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) бағаларын Басқару органы белгілейді.

56. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан



Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

#### **14. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

57. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

#### **15. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі**

58. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және шағын және орта бизнесі үшін халықаралық стандартына сәйкес Кәсіпорын басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **16. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

59. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаны тарату жағдайларын қоспағанда, Кәсіпорынның қалған мүлкін алып қоюға жол берілмейді.

60. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

61. Кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

#### **17. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

62. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Басқару органы белгілейді.

63. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

#### **18. Еңбек ұжымымен өзара қатынас**

64. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

65. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

### 19. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

66. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

67. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Басқару органы қамтамасыз етеді.

68. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

69. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, облыстық бюджеттің табысына есептеледі.

### 20. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

70. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Қостанай облысы әкімдігінің қаулысымен енгізіледі.

Басшы

Мамсүрұлова А.Ә.  
А.А.Ә.

Мамсүрұлова  
ҚОЛЫ



Утвержден  
постановлением акимата  
от 8 июля 2020 года  
№ 235

**Устав**  
**коммунального государственного казенного предприятия**  
**«Аулиекольский сельскохозяйственный колледж» Управления**  
**образования акимата Костанайской области**

**1. Общие положения**

1. Коммунальное государственное казенное предприятие «Аулиекольский сельскохозяйственный колледж» Управления образования акимата Костанайской области (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Предприятие реорганизовано в соответствии с постановлением акимата Костанайской области «О реорганизации коммунального государственного казенного предприятия «Аулиекольский сельскохозяйственный колледж» Управления образования акимата Костанайской области» от 8 июля 2020 года № 235.

3. Учредителем Предприятия является акимат Костанайской области.

4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении Предприятия осуществляет акимат Костанайской области.

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием, является акимат Костанайской области (далее – местный исполнительный орган).

Местный исполнительный орган уполномочивает государственное учреждение «Управление образования акимата Костанайской области» (далее – Орган управления) на осуществление ряда функций по управлению Предприятием.

6. Наименование Предприятия: коммунальное государственное казенное предприятие «Аулиекольский сельскохозяйственный колледж» Управления образования акимата Костанайской области.

7. Место нахождения Предприятия: Республика Казахстан, 110400, Костанайская область, Аулиекольский район, Аулиекольский сельский округ, село Аулиеколь, улица Гагарина, дом 24.

## 2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

10. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

11. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

## 3. Предмет и цели деятельности Предприятия

12. Предметом деятельности Предприятия является подготовка специалистов с техническим и профессиональным, послесредним образованием, профессиональная подготовка, переподготовка и повышение квалификации.

13. Целями деятельности Предприятия являются:

1) подготовка квалифицированных специалистов с техническим и профессиональным, послесредним образованием, имеющих необходимые теоретические знания и практические навыки по конкретной специальности;

2) постоянное совершенствование качества подготовки квалифицированных специалистов с учетом требования рынка труда и отраслей производства;

3) профессиональная подготовка, переобучение и переподготовка специалистов на основании имеющейся лицензии;

4) повышение квалификации работающих специалистов, имеющих техническое и профессиональное образование.

14. Для реализации поставленных целей Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:

1) реализация учебных программ общего среднего образования, технического и профессионального образования, послесреднего образования;

2) профессиональная подготовка, переподготовка и повышение квалификации в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

3) дополнительное преподавание специальных курсов и дисциплин;

4) услуги по организации питания;

- 5) услуги по обеспечению проживанием в общежитии;
- 6) реализация продукции собственного производства, выпускаемой в учебно-производственных мастерских в процессе производственного обучения;
- 7) услуги, оказываемые с применением оборудования Предприятия в процессе учебно-производственной деятельности.

15. Предприятие не вправе осуществлять деятельность, а также совершать сделки, не отвечающие предмету и целям его деятельности, закрепленными в настоящем Уставе.

16. Сделка, совершенная Предприятием в противоречии с целями деятельности, определенно ограниченными законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции руководителя Предприятия, может быть признана недействительной по иску Органа управления, либо прокурора.

17. Действия руководителя Предприятия, направленные на осуществление Предприятием неуставной деятельности, являются нарушением трудовых обязанностей и влекут применение мер дисциплинарной и материальной ответственности.

#### 4. Управление Предприятием

18. Местный исполнительный орган:

- 1) принимает решения о создании, реорганизации и ликвидации Предприятия;
- 2) утверждает Устав Предприятия, вносит в него изменения и дополнения;
- 3) закрепляет коммунальное имущество за Предприятием;
- 4) принимает решения об использовании имущества Предприятия, в том числе о передаче его в залог, аренду, безвозмездное пользование и доверительное управление;
- 5) обеспечивает контроль за использованием и сохранностью имущества Предприятия;
- 6) осуществляет иные полномочия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

19. Орган управления:

- 1) определяет приоритетные направления деятельности и обязательные объемы работ (услуг), финансируемых из бюджета Предприятия;
- 2) рассматривает, согласовывает и утверждает планы развития Предприятия и отчеты по их исполнению;
- 3) осуществляет контроль за использованием и сохранностью имущества Предприятия, контроль и анализ выполнения планов развития Предприятия;
- 4) организует учет имущества Предприятия, обеспечивает его эффективное использование;

5) назначает на должность и освобождает от должности по представлению руководителя Предприятия его заместителя (заместителей) и главного (старшего) бухгалтера;

6) устанавливает ежегодно размер фонда оплаты труда Предприятия;

7) утверждает систему премирования и иного вознаграждения руководителя Предприятия, его заместителя (заместителей), главного (старшего) бухгалтера в пределах установленного фонда оплаты труда;

8) устанавливает цены на товары (работы, услуги), производимые и реализуемые Предприятием;

9) осуществляет иные полномочия, возложенные на него настоящим Уставом и иным законодательством Республики Казахстан.

20. Органом Предприятия является его руководитель.

21. Назначение руководителя, проведение его аттестации осуществляются в порядке, определяемом уполномоченным органом по государственному планированию, за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан.

22. Орган управления оформляет трудовые отношения с руководителем Предприятия посредством заключения трудового договора в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан.

В трудовом договоре, помимо условий, установленных Трудовым кодексом Республики Казахстан, определяется ответственность руководителя Предприятия за несвоевременные перечисления установленной части чистого дохода в бюджет.

23. Руководитель Предприятия несет персональную ответственность за финансово-хозяйственную деятельность и сохранность имущества Предприятия.

24. Руководитель Предприятия несет персональную ответственность за организацию противодействия коррупции на Предприятии.

25. Руководитель Предприятия действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает все вопросы деятельности Предприятия в соответствии с его компетенцией, определяемой законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

26. Руководитель:

1) без доверенности действует от имени Предприятия и представляет его интересы во всех органах;

2) в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан, распоряжается имуществом Предприятия;

3) заключает договоры и совершает иные сделки;

4) выдает доверенности;

5) открывает банковские счета;

6) издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников Предприятия;

7) в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан принимает на работу и расторгает трудовые договоры с работниками Предприятия, применяет меры поощрения и налагает взыскания на них, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом;

8) представляет Органу управления кандидатуры для назначения на должность и освобождения от должности своих заместителей, главного бухгалтера;

9) устанавливает компетенцию своих заместителей и других руководящих работников Предприятия;

10) осуществляет иные функции, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

## **5. Перечень реализуемых образовательных программ**

27. Образовательные программы технического и профессионального, послесреднего образования направлены на подготовку квалифицированных рабочих кадров, специалистов среднего звена из числа граждан, имеющих основное среднее образование, общее среднее образование, техническое и профессиональное образование.

В зависимости от содержания общеобразовательные и профессиональные учебные программы подразделяются на учебные программы общего среднего образования, технического и профессионального образования, послесреднего образования.

## **6. Порядок приема в организацию образования**

28. Прием в Предприятие производится приемной комиссией, состав которой утверждается руководителем Предприятия, в соответствии с требованиями Типовых правил приема на обучение в организациях образования, реализующих образовательные программы технического и профессионального образования, послесреднего образования.

Порядок приема в Предприятие, перечень документов, предоставляемых абитуриентами, сроки начала и приема документов, порядок рассмотрения апелляций и другие вопросы, определяются правилами приема, утвержденными руководителем Предприятия на основе Типовых правил, утвержденных центральным исполнительным органом в области образования Республики Казахстан.

29. Зачисление в Предприятие осуществляется приказом руководителя Предприятия.

## **7. Порядок организации образовательного процесса**

30. В Предприятии устанавливаются следующие виды учебных занятий: урок, лекция, семинар, практическое занятие, лабораторная работа, самостоятельная работа, консультация, курсовое и дипломное проектирование (курсовая и дипломная работа, курсовой и дипломный проект), иные формы, не противоречащие действующему законодательству Республики Казахстан.

Сроки проведения различных видов учебных занятий и профессиональной практики устанавливаются рабочими учебными планами и графиком учебного процесса. Сроки проведения промежуточной и итоговой аттестации устанавливаются графиком учебного процесса.

31. Обучение осуществляется в следующих формах: очное, заочное, вечернее обучение, иных формах, не противоречащих действующему законодательству Республики Казахстан. Продолжительность учебного года и учебного семестра устанавливается согласно графику учебного процесса.

32. Режим занятий в Предприятии устанавливается в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

33. Обучение производится на казахском и русском языках.

## **8. Система текущего контроля знаний, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся, формы и порядок их проведения**

34. Текущий контроль успеваемости, промежуточная и итоговая аттестация проводятся в соответствии с правилами, утвержденными центральным исполнительным органом в области образования Республики Казахстан.

## **9. Основания и порядок отчисления обучающихся**

35. Отчисление учащегося оформляется приказом руководителя Предприятия.

36. Обучающиеся могут быть отчислены из числа студентов:

- 1) по собственному желанию;
- 2) по состоянию здоровья на основании справки-заключения врачебно-консультационной комиссии (ВКК);
- 3) в связи с переводом в другую организацию образования;
- 4) за нарушения правил внутреннего распорядка;
- 5) в иных случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

37. Академический отпуск предоставляется обучающимся на основании:



1) заключения врачебно-консультативной комиссии при амбулаторно-поликлинической организации продолжительностью сроком от 6 до 12 месяцев по болезни;

2) решения Централизованной врачебно-консультативной комиссии противотуберкулезной организации в случае болезни туберкулезом продолжительностью сроком не более 36 месяцев;

3) повестки о призыве на воинскую службу;

4) рождения, усыновления или удочерения ребенка до достижения им возраста трех лет.

## **10. Перечень и порядок предоставления платных услуг**

38. Перечень и порядок представления платных услуг Предприятием осуществляется в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

## **11. Порядок оформления отношений Предприятия с обучающимися, воспитанниками и (или) их родителями и иными законными представителями**

39. Взаимоотношения между Предприятием с обучающимися, воспитанниками и (или) их родителями и иными законными представителями устанавливаются в соответствии с договором о зачислении в Предприятие и гражданским законодательством Республики Казахстан, а также Законом Республики Казахстан «Об образовании».

## **12. Имущество Предприятия**

40. Имущество Предприятия составляют активы Предприятия, стоимость которых отражается на его балансе.

41. Имущество Предприятия является неделимым и не может быть распределено по вкладам (долям участия в уставном капитале, паям), в том числе между работниками Предприятия.

42. Имущество Предприятия формируется за счет:

1) имущества, переданного ему собственником;

2) имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности;

3) иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

43. В ведении Предприятия может находиться лишь то имущество, которое либо необходимо ему для обеспечения деятельности, предусмотренной его уставными целями, либо является продуктом этой деятельности.

44. Приобретение и прекращение права оперативного управления осуществляются на условиях и в порядке, которые предусмотрены Гражданским кодексом Республики Казахстан для приобретения и прекращения права собственности и иных вещных прав, если иное не предусмотрено настоящим Уставом или не противоречит природе данного вещного права.

45. Плоды, продукция и доходы от использования имущества, находящегося в оперативном управлении, а также имущество, приобретенное Предприятием по договорам или иным основаниям, поступают в оперативное управление Предприятия в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан для приобретения права собственности.

46. Право оперативного управления на имущество, в отношении которого собственником принято решение о закреплении его за Предприятием, возникает у Предприятия в момент закрепления имущества на его балансе, если иное не установлено законодательством Республики Казахстан или решением собственника.

47. Предприятие не имеет право отчуждать на основании договоров купли-продажи, мены, дарения имущество, относящееся к основным средствам.

48. Право оперативного управления на имущество Предприятия прекращается по основаниям и в порядке, которые предусмотрены статьей 249 Гражданского кодекса Республики Казахстан для прекращения права собственности, а также в случаях, предусмотренных пунктом 49 настоящего Устава.

49. Местный исполнительный орган вправе по согласованию с Органом управления изъять закрепленное за Предприятием имущество, либо перераспределить его между другими созданными им юридическими лицами, если иное не установлено законами Республики Казахстан.

50. В решении об изъятии имущества, находящегося на праве оперативного управления, местный исполнительный орган вправе устанавливать Предприятию сроки содержания и обеспечения сохранности изъятого имущества до его передачи иному лицу.

51. Предприятие вправе отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом, относящимся к основным средствам, передавать и списывать дебиторскую задолженность лишь с письменного согласия местного исполнительного органа, за исключением случаев, предусмотренных пунктом 47 настоящего Устава.

52. Предприятие самостоятельно распоряжается не относящимся к основным средствам движимым имуществом, закрепленным за ним на праве оперативного управления.

### **13. Финансирование деятельности Предприятия**

53. Деятельность Предприятия финансируется в соответствии с планом развития за счет собственного дохода и бюджетных средств, полученных в порядке, определенном бюджетным законодательством Республики Казахстан.

Предприятие производит перечисление в областной бюджет части чистого дохода не позднее десяти рабочих дней после срока, установленного для сдачи декларации по корпоративному подоходному налогу.

54. Предприятие самостоятельно реализует производимую им продукцию.

55. Цены на товары (работы, услуги), производимые и реализуемые Предприятием, устанавливаются Органом управления.

56. Доходы, полученные Предприятием от совершения деятельности, запрещенной законодательством Республики Казахстан, не предусмотренной Уставом, а также доходы, полученные в результате завышения установленных цен на реализуемые товары (работы, услуги), созданные за счет финансирования из бюджета, подлежат изъятию в бюджет в порядке, определяемом законодательством Республики Казахстан. В случае выявления фактов использования имущества без соответствующего его отражения по правилам бухгалтерского учета оно также подлежит изъятию.

### **14. Уставный капитал Предприятия**

57. Уставный капитал Предприятия формируется из имущества, полученного от собственника в управление для осуществления уставной деятельности.

### **15. Учет и отчетность Предприятия**

58. Ведение бухгалтерского учета и составление финансовой отчетности Предприятия осуществляется в соответствии с законодательством о бухгалтерском учете и финансовой отчетности Республики Казахстан и учетной политикой, утверждаемой руководителем Предприятия, в соответствии с международным стандартом для малого и среднего бизнеса.

### **16. Ответственность Предприятия**

59. Предприятие отвечает по своим обязательствам, находящимися в его распоряжении деньгами. Обращение взыскания на остальное имущество Предприятия не допускается, за исключением случаев ликвидации этого юридического лица.

60. Предприятие не отвечает по обязательствам государства.

61. При недостаточности у Предприятия денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Республика Казахстан или административно-территориальная единица средствами соответствующего бюджета.

### **17. Оплата труда работников Предприятия**

62. Размер фонда оплаты труда Предприятия ежегодно устанавливается Органом управления.

63. Система оплаты труда работников Предприятия устанавливается Правительством Республики Казахстан.

### **18. Взаимоотношения с трудовым коллективом**

64. Взаимоотношения между администрацией Предприятия и трудовым коллективом определяются в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан и коллективным договором.

65. Режим работы Предприятия устанавливается правилами внутреннего трудового распорядка и не должен противоречить нормам трудового законодательства Республики Казахстан.

### **19. Реорганизация и ликвидация Предприятия**

66. Реорганизация и ликвидация Предприятия производятся по решению местного исполнительного органа.

Предприятие может быть ликвидировано также по другим основаниям, предусмотренным Гражданским кодексом Республики Казахстан.

67. Реорганизацию и ликвидацию Предприятия обеспечивает Орган управления.

68. Имущество ликвидированного Предприятия, оставшееся после удовлетворения требований кредиторов, перераспределяется местным исполнительным органом.

69. Деньги ликвидированного Предприятия, включая средства, полученные в результате реализации имущества Предприятия, оставшиеся после удовлетворения требований кредиторов, зачисляются в доход областного бюджета.

**20. Порядок внесения изменений и дополнений в Устав**

70. Изменения и дополнения в Устав Предприятия вносятся постановлением акимата Костанайской области.

Руководитель

Мансуров А.Б.  
Ф.И.О

Мансуров  
подпись

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫНЫҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ФИЛИАЛЫНЫҢ ӘУЛІЕКЕЛ АУДАНЫ  
ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ  
НӨМІРЛЕНГЕН, ТІЛІГЕН ЖӘНЕ БЕРІЛГЕН  
Барлығы 21 тапак  
2021 ж. «19» 01

